

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
04.05.2022 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 04.05.2022 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Е. КОШАНОВ.**

**ТӨРАҒА.** Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «1992 жылғы 13 наурыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкіметтері арасындағы келісілген салық саясатының қағидаттары туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

**ЖАМАУБАЕВ Е.К.** Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «1992 жылғы 13 наурыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкіметтері арасындағы келісілген салық саясатының қағидаттары туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізіледі.

Хаттаманың негізгі мақсаты – ТМД-ға қатысушы мемлекеттер тарапынан келісімнің қолданыс мерзімін ұзарту туралы өтінімнің болмауына, сондай-ақ оның ережелері қазіргі уақыт жағдайының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты келісімнің қолданысын тоқтату.

1992 жылғы 13 наурызда ТМД-ға қатысушы тоғыз мемлекеттің үкіметтері келісімге қол қойған болатын. Келісімнің нормаларына сәйкес тараптар салық салу қағидаттары мен ережелерін біріздендіру негізінде келісілген салық саясатын жүргізуге және Достастыққа кіретін барлық мемлекеттердің мүдделерін қозғайтын негізгі салықтардың бірыңғай тізбесін қолдануға келіскен болатын.

Дегенмен келісімді тек төрт мемлекет ратификациялады. Келісімге қатысушы бес мемлекет келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді аяқтап үлгерген жоқ.

2017 жылғы 18 қыркүйекте Шолпан-Ата қаласында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің салық қызметтері басшыларының Үйлестіру кеңесінің отырысында келісімнің қолданысын тоқтатудың орынды екені туралы шешім қабылданды.

Осылайша, 2021 жылғы 4 наурызда келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттамаға қол қойылды.

Бүгінгі күні салық қызметтерінің шетел мемлекеттермен, оның ішінде ТМД елдерімен өзара іс-қимылы келесідей халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырылатынын атап өту керек.

Бірінші. Страсбург конвенциясы – қатысушы елдердің салық қызметтері арасындағы Салық істері бойынша өзара әкімшілік көмек туралы конвенция.

Екінші. Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен жасасқан қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенциялар, бүгінгі күні Қазақстан Республикасында, оның ішінде ТМД-ның барлық елдерімен 55 конвенция қолданылады.

Құрметті депутаттар, аталған хаттаманы ратификациялау біздің еліміз үшін әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды және республикалық бюджеттен қаражат бөлуді талап етпейді.

Аталған хаттаманы ратификациялау бойынша оң шешім қабылдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Абақанов Елдос Нұрболұлы.

АБАҚАНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға және Сыртқы істер министрлігінің өкіліне арналады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы тоғыз мемлекеттің тек төртеуі, яғни Беларусь, Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстан мемлекеттері осы келісімді ратификациялады. Осы уақытқа дейін Армения, Қырғызстан, Молдова елдері келісімді күшіне енгізу туралы қажетті мемлекеттік ішкі рәсімдерді аяқтаған жоқ еді.

Ресей Федерациясы 2003 жылы, Украина 2005 жылы келісімді өткізуден бас тарту туралы хабарламалар жіберген еді.

Қазақстан осы уақытқа дейін болашағы жоқ келісімнен неліктен біржақты шығып кетпеді? Нені күттіңіздер? Осы сұраққа жауап берсеңіздер. Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Сұрағыңызға рақмет.

Расында, 1992 жылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылып қалыптасып келе жатқан кезде, біздің арақатынасымыз үзілгеннен кейін барлық мемлекеттер осындай құжатты керек деп тапқан болатын.

Бұл кезінде Жоғарғы Кеңестің қаулысымен қабылданған болатын. Ол кезде бізде халықаралық шарттар туралы заң жоқ болатын, яғни бұл жерде ратификациялау керек, керек еместігі туралы нақты заңда көрсетілмеген болатын. Дегенмен келісімде көрсетілгеннен кейін мемлекеттер ішкі мемлекетаралық рәсімдерді жүргізді.

Одан кейін, өздеріңіз білесіздер, Кедендік одақ құрылды, одан кейін Еуразиялық одақ құрылды. Біз бұл мәселені бірнеше рет көтердік. Және де бұл құжаттың депозитарийі болады, ол – ТМД мемлекеттерінің атқарушы комитеті. Сол атқарушы комитетпен біз жұмыс істей отырып, ТМД-ға қатысты құжаттардың бәрін көтердік. Бұл 2017 жылға дейін созылған процедура болатын. Сол жылы біз бәріміз Шолпан-Ата қаласында осындай мәмілеге, келісімге келдік, яғни ревизия жасау және бұл құжаттың қажеттілігінің жоқ екендігі. Бұл алдында ратификацияланған құжат болғандықтан, 2021 жылы қайтадан ратификациямен күшін жою керекпіз деген шешім қабылдап, Сыртқы істер министрлігіне ұсындық. Осылайша, бұл заң жобасы қазір өздеріңіздің алдарыңызға келіп отыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Вот теперь, Аветик Рубенович, пожалуйста.

АМИРХАНИЯН А.Р. Рақмет, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован представителю Министерства иностранных дел.

Из доклада Министра финансов можно сделать вывод, что среди международных договоров, ратифицированных Республикой Казахстан, есть декларативные соглашения, которые практически не работают.

Скажите, пожалуйста, проводится ли вами совместно с отраслевыми государственными органами ревизия международных соглашений, подписанных Казахстаном, на предмет их актуальности и практической реализации? Если да, каковы на сегодняшний день результаты? Спасибо.

ҚОНЫСПАЕВ Е.Б. Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемые депутаты! Это действительно очень актуальный и своевременный вопрос. Министерством иностранных дел в рамках своей компетенции совместно с заинтересованными государственными органами проводятся регулярный мониторинг и каталогизация всех международных договоров, в том числе заключенных в рамках Содружества Независимых Государств.

В этой связи соответствующая работа совместно с Исполнительным комитетом СНГ ведется. Поскольку в рамках СНГ заключено более 2 тысяч международных договоров, естественно, будут ставиться на утрату аналогичные документы, как соглашение между правительствами государств – членов СНГ о согласованных принципах налоговой политики.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Тағы сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жок.

ТӨРАҒА. Осымен сұрақтар аяқталды.

Ерұлан Кенжебекұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Құлшар Мәлік Иманқұлұлына беріледі.

ҚҰЛШАР М.И. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер және шақырылғандар! Заң жобасы Парламент Мәжілісіне Үкіметтің 2022 жылғы 28 наурыздағы №167 қаулысымен енгізілді.

Хаттаманың негізгі мақсаты – 1992 жылғы 13 наурыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкіметтері арасындағы

келісілген салық саясатының қағидаттары туралы келісімнің қолданысын тоқтату. Баяндамашы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушыларының, оның ішінде Қазақстанның осындай шешім қабылдау себептерін егжей-тегжейлі айтып берді.

Келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттамаға 2021 жылғы 4 наурызда (Тәжікстан Республикасы қол қойған күн) қол қойылды деп саналады, өйткені қатысушылар пандемия кезінде хаттамаға Сыртқы істер министрлігі арқылы дипломатиялық пошта жолымен қол қойған.

Үкіметтің ақпараты бойынша осы келісімді қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық салдарға әкеп соқпайды және оны іске асыру мемлекеттік бюджеттен қаржылық шығындарды талап етпейді. Хаттама Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттарға және қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне қайшы келмейді және ол қабылданған жағдайда ұлттық заңнаманы нақтылауды талап етпейді делінген.

Заң жобасы бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен жұмыс тобының бір отырысы және комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді.

Салыстырма кесте нақтылау сипатында қабылданған екі түзетуден тұрады. Заң жобасының мемлекеттік тілдегі тақырыбы мен мәтіні қаралып отырған хаттаманың атауына сәйкес келтірілген. Орыс тіліндегі заң жобасы өзгеріссіз қалады.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасына оң қорытындыларын берді.

Осы айтылғандарды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті аталған заң жобасын мақұлдауды ұсынуға болады деп есептейді.

Заң жобасы бойынша комитеттің қорытындысы мен салыстырма кестесі сіздерде бар.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мәлік Иманкүлұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Әлімбаев Данияр Кенғазыұлына беріледі.

ӘЛІМБАЕВ Д.К. Рақмет.

Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемые коллеги и приглашенные! Я поддерживаю данный законопроект и призываю своих коллег также поддержать его.

Основная цель рассматриваемого протокола ясна – это прекращение действия соглашения, подписанного в далеком 1992 году странами Содружества Независимых Государств.

Тогда стороны видели перспективу в проведении согласованной налоговой политики на основе унификации принципов и правил налогообложения и применения единого перечня основных налогов на территориях всех государств – участников СНГ. Однако, как показало время, независимые страны в новых рыночных условиях проводить единую политику, а тем более налоговую, не могут.

Из пояснения разработчика следует, что из девяти государств – участников СНГ соглашение ратифицировали всего четыре государства (Беларусь, Казахстан, Таджикистан и Узбекистан), остальные со временем отказались.

За 30 лет эти страны не проявили заинтересованности в реализации норм соглашения, поэтому его исполнение сегодня для нашей страны и стран СНГ не имеет актуальности.

Уважаемые коллеги, с учетом вышеизложенного предлагаю поддержать данный законопроект.

Спасибо за внимание. Рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға жазылған басқа депутаттар жоқ. Заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Осы ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 100, «жақтағандар» – 100. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 100, «жақтағандар» – 100. Қаулы қабылданды.



Құжаттаманы қаптамасыз ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Мәжіл Н. Шайбатыра.